

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЖАРКЕНТ
ЖОҒАРЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



**СТУДЕНТТІҢ
АНЫҚТАМАЛЫҚ
ЖОЛ-КӨРСЕТКІШІ**

2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫ

Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің «Студенттің жол-
көрсеткіші»,
Жаркент қаласы

Құрастырған: колледж директоры Б.Саурамбаева, колледж
әкімшілігі

Анықтамалық жол-көрсеткіш студенттер мен оқытушыларға басшылық үшін қолданылады. Колледж туралы жалпы мағлұмат, ұйымдастырушылық құрылымы, колледжде дайындалатын мамандық атаулары, оқу үрдісін ұйымдастыру жолдары, білімді аралық және қорытынды бақылау, курстан курсқа көшу шарттары, сонымен қатар ішкі тәртіп ережелерінен тұрады.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны.....	6
1 Колледж туралы жалпы мағлұмат.....	9
1.1 Оқу ғимараты қабаттарының жоспар сызбасы.....	12
1.2 Әкімшілік.....	13
1.3 Мамандықтар.....	18
1.4 Кітапхана.....	19
2 Оқу-тәрбие үрдісі.....	21
2.1 Академиялық күнтізбе	21
2.2 Қоңырау кестесі.....	22
2.3 Үйірмелер мен клубтар, спорттық секциялардың жұмыс кестесі.....	23
2.4 Сіздер үшін	24
3 Педагогикалық колледж студенттерінің ішкі тәртіп ережелері.....	26

Қ Ұ Р М Е Т Т І

Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледж студенттері!

Сіздер Жетісу өңіріндегі бірегей оқу орны, 90 жылдық тарихы білім ордасы бұдан былай Сіздер біздің қасиетті білім шаңырағының студентісіздер. Жасыл желекті, тарихы терең, еңбегі ерен, жаңарған, жайнаған Жаркент өңіріндегі – 90 жылдық тарихын қойнауына бүккен қасиетті қара шаңырақ тамырын тереңге жіберген бәйтеректей болып, саясынан жыл сайын мыңдаған түлектер түлеткен ұлағатты ұстаздар ұясының студентісіздер.

Біз Сіздермен болашақта мақтанатындай шығармашылық, кәсіби жолдарыңызда жұлдыздарыңыздың жарқырай беруіне тілектеспіз!

Студенттік өмір – қиындығы мен қызығы қатар жүретін ерекше кезеңі. Қабылдау емтихандары кезінде кездескен қиындықтар білім биіктігін бағындырар қызықты жолдың бастамасы ғана.

Колледж жастардың армандарын жүзеге асыратын бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтын оқу орны.

Болашақ маманның сапалы, білімді, жан-жақты дамуына жағдай жасап, еркін елдің ертеңі саналатын жас ұрпақты тәрбиелеп, оларды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, заман талабына сай маман ретінде даярлауда өз еңбектерін үнемі шәкірт жүрегіне құюдан шаршамайтын оқытушылар, ғылым кандидаты, магистрлары білім аласыздар. Өз мамандығының қыр-сырын меңгерген маман атануға қажетті білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді меңгересіздер.

Колледждің барлық оқу кабинеттері заман талабына сай білім алуға қажетті компьютерлік техника құрылғыларымен жабдықталған. Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі тақырыптардағы үйірмелер, спорт секциялары жұмыс жасайды. Колледж ұжымы Сіздердің шығармашылық және интеллектуалдық мүмкіндіктеріңіздің ашылуына көмектеседі.

Бұл анықтамалық жол-көрсеткіште туындайтын барлық сұрақтарға жауап беруге тырысамыз.

Құрметпен Б.Саурамбаева

◆◆◆ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ◆◆◆
МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев
Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай,
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

◆◆◆ КОЛЛЕДЖ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ ◆◆◆

Жаркент гуманитарлық – техникалық колледжі 1929 жылы Жаркент қаласында мұғалімдік мамандық беретін курс болып ұйымдастырылып, кейіннен педагогикалық техникум, педагогикалық училище болып атанды. Соғыс жылдарында қалаға генерал Панфилов есімі беріліп, оқу орны 1942 жылы Панфилов педагогикалық училищесі атанды.

Оқу-тәрбие жұмысы осы заманғы озық үлгіге сәйкестендіріліп, қоғамдық- саяси, мәдени бұқаралық шараларға қатысу белсенділігі арта түсті. Осы жылдары педагогикалық ұжымның әлеуметтік-әдістемелік белсенділігі арта түсті. Колледж оқытушылары мен білім алушылары әртүрлі облыстық, республикалық байқаулар, ғылыми-жоба жарыстары, түрлі оқулар мен додаларда жоғарғы дәрежеде көрінуде. 2010-2012 жылдары оқу орнының білім беру ауқымы ұлғайып, «Ақпараттық жүйе», «Аударма ісі» салалары бойынша мамандар дайындала бастады.

Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжіне 08.08.2009ж. № 310 бұйрығымен АБ № 0051041 мемлекеттік лицензиясы және №0105776 қосымшасы берілген:

р/с	шифр	Мамандық атауы	Оқу мерзімі
1	0103000	Дене тәрбиесі және спорт	2жыл 10 ай 3жыл 10 ай
2	0105000	Бастауыш білім беру	2жыл 10 ай 3жыл 10 ай
3	0106000	Бейнелеу өнері және сызу	2жыл 10 ай 3жыл 10 ай
4	0107000	Технология	2жыл 10 ай 3жыл 10 ай
5	0507000	Қонақ үй шаруашылығын ұйымдастыру және қызмет көрсету	2жыл 6 ай
6	0511000	Туризм	2жыл 6 ай
7	0512000	Аударма ісі	2жыл 10 ай
8	01305000	Ақпараттық жүйелер	1жыл 10 ай 2жыл 10 ай

Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжіне кәсіптік және техникалық білім беру саласында білім беру қызметін жүргізу құқығына облыстық білім басқармасының 2010 жылғы 17 мамырдағы №175 бұйрығымен төмендегі мамандықтарға АБ №0142402 мемлекеттік лицензиясы мен №0105874 қосымшасы берілген:


р/с	шифр	Мамандық атауы	Оқу мерзімі
1	0101000	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру	2жыл 10 ай 3жыл 10 ай
2	0111000	Негізгі орта білім беру	2жыл 10 ай 3жыл 10 ай

Мамандықтар бойынша пәндер мемлекеттік, орыс, ұйғыр тілдерінде жүргізіледі.

Оқу орнында студенттерге сапалы білім беруді және олардың шығармашылық қабілетін дамытуды мақсат еткен өз істеріне шығармашылықпен қарайтын білікті 7 пән циклдық комиссиясының 101 оқытушысы жұмыс істейді. Олардың ішінде - Ғылым кандидаты- 1, Білім Магистрлары - 9.

“Дарынды балаларға - талантты ұстаз” атты республикалық педагогикалық олимпиадада білім ордасының дарынды жастары жүлделі орындарды иеленіп келеді. Колледж командасы 2012 жылы I орын, 2013 жылы I орын, 2014 жылы I орын, 2016 жылы II орын иеленді





2013 жылы Париж қаласында Францияның «SEIN» халықаралық өндірістік ғылыми ассоциациясының халықаралық байқауында «ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ» номинациясы бойынша колледж үздік деп танылып, лауреат атанды.



2014 жылы Швейцарияның Женева қаласында Халықаралық **“ЕУРОПАЛЫҚ САПА БАС ЖҮЛДЕСІНІҢ”** байқауында колледж лауреат атанды. Колледж директоры “Кәсіптік - техникалық білім беру жүйесіне қосқан зор үлесі үшін” номинациясы бойынша лауреат атанып, Алтын медальмен марапатталды



Швейцарияның «ИНСАМ» бизнес және басқару институтының халықаралық білім беру саласындағы үздіктерді анықтау мониторингісі бойынша колледж ұжымы «АЛТЫН ҮКІ» үздік білім беру мекемесі құрметті сыйлығына ие болды

Жаркент гуманитарлық техникалық колледжі Лондондағы халықаралық жоба менеджмент Адвент британ компаниясының

Халықаралық байқауында Халықаралық жетістіктері үшін Колледждің ішкі және сыртқы халықаралық еңбек нарығындағы жетістіктері үшін халықаралық сыйлығының лауреаты атанып алтын медаль иеленді



ҚР Қаржылық экономикалық қорытынды рейтингісі бойынша Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі ҚР Ұлттық көшбасшы тізіміне еніп, «Көшбасшы - 2015» Алтын

Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі 2015 жылдың қараша айында Францияның SEIN ассоциациясының халықаралық байқауында «Кәсіптік техникалық мамандық даярлаудағы жоғарғы жетістіктері» үшін «Наполеон» орденімен марапатталып, символикалық Маршал атағы берілді. Колледж лауреат атанып, арнайы Наполеон сыйлығымен және халықаралық Дипломмен марапатталды.



Колледждің мекен – жайы:

041300, Жаркент қаласы, Ыбраймолдаев көшесі 78
тел. 8(72831) 9 -71 -65 **8 (72831) 9 71 65**
e-mail: zharkent.gum.tech.college@mail.ru

ҰРАНЫМЫЗ:


«Мәңгілік елге - кәсіби маман»

КОЛЛЕДЖ МИССИЯСЫ:


«Колледжді әлемдік білім кеңістігіне қоса отырып, білім мазмұнын жаңарту жағдайында жаңа формация маманын дайындау»

◆◆◆ КОЛЛЕДЖ ОҚУ ҒИМАРАТЫ ҚАБАТТАРЫНЫҢ СЫЗБАСЫ ◆◆◆


1-қабат



2-қабат



3-қабат



- | | | |
|-------------|-------------|--------------|
| 1. Дәліз | 6. Койма | 11. Кабинет |
| 2. Әжетхана | 7. Кабинет | 12. Кабинет |
| 3. Қойма | 8. Кабинет | 13. Кабинет |
| 4. кабинет | 9. Қойма | 14. Әжетхана |
| 5. Кабинет | 10. Кабинет | |

◆◆ КОЛЛЕДЖ ЖАТАҚХАНАСЫ ◆◆◆



I қабат

Дәліз

Оқу залы

Демалыс бөлмесі

Дәрігерлік бөлме

**Санитарлық
гигиеналық бөлме**

Киім үтіктеу бөлмесі

Тігін шеберханасы

Асхана

Жатын бөлмелер

II қабат

Дәліз

Асхана Жатын бөлмелер

III қабат

Дәліз

Жатын бөлмелер

IV қабат

Дәліз

Жатын бөлмелер

ӘКІМШІЛІК ♦ ♦ ♦

ДИРЕКТОР



Саурамбаева Баян Нусипбекқызы- Ы.Алтынсарин
медалі

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Агимов Самат Курмангалиевич

Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары –
Құрабалдиева Клара Бавашқызы

Директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары –
Баєтова Гулнара

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –
Диханбаева Нуршат Қайратқызы

Директордың ақпараттық технологиялар ісі жөніндегі орынбасары -
Сағат Еркебұлан Болатұлы

Колледж әдіскері Бағдаулет Жазира Нұртазаққызы

Күндізгі оқу бөлімінің меңгерушісі –
Рахметжанова Жамиля Байғожаевна

Күндізгі оқу бөлім меңгерушісі-
Баєтова Гулнар Алтаевна

Колледж психологы – Шулғауова Жанат Байсултанқызы

Жастар ісі жөніндегі комитет инспекторы - Баратов Саят Қанатұлы

Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары –
Алишеров Улықбан Қудиярханұлы

Колледж коменданты – Хамраева Ранагүл Мәрванқызы

Жатақхана коменданты – Дюсебаева Назым Турсынбекқызы

◆ ◆ ◆ ОҚУ - ТӘРБИЕ ҮРДІСІ ◆ ◆ ◆

Академиялық күнтізбе

Колледжге қабылдау

Күндізгі оқу бөлімі

Сырттай оқу бөлімі

20 маусым - 20 тамыз

20 маусым - 25 қыркүйек

Конституция күні

30 тамыз

I семестр

Білім күні

1 қыркүйек

I семестрдің басталуы

1 қыркүйек

1 – ші аттестация

қазан айының соңғы
аптасы

ҚР тәуелсіздік күні

16 желтоқсан

1 – ші семестр

желтоқсан айының
соңғы аптасы

Жаңа жыл

1-2 қаңтар

Барлық апта: Теориялық оқу -7-ден 22
аптаға дейін
Қысқы емтихан сессиясы – 2
апта
Қысқы демалыс - 2 апта
Практика – 1 - ден 16 аптаға
дейін

II семестр

Халықаралық әйелдер
күні

8 наурыз

«Наурыз» мейрамы

22 наурыз

1 – ші аттестация

наурыз айының соңғы
аптасы

Қазақстан халықтары

1 мамыр

бірлігі күні
Жеңіс күні

9 мамыр

**Курстық жұмыстарды
қорғау**
2 – ші семестр

10-30 сәуір

мамыр, маусым

Қорытынды аттестация
(мемлекеттік емтихан)

1-25 маусым

Барлық апта: **Теориялық оқу – 9-22 апта**
Жазғы сессия - 2 апта
Практика – 1-3 апта
Жазғы демалыс -11 апта

**◆◆◆ ҮЙІРМЕЛЕР МЕН КЛУБТАР, СПОРТТЫҚ
СЕКЦИЯЛАРДЫҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ**

№	Үйірме атауы	Жетекшісі	Кестесі	Уақыты
1	Спорттық секциялар Волейбол	Қасенов Қ.	Сейсенбі Бейсенбі	14:00-16:00
2	Баскетбол	Жанысбаев Б. Халықов М.	Сейсенбі Бейсенбі Дүйсенбі Сәрсенбі	14:00-16:00
3	Тоғыз құмалақ	Раисов С.	сенбі	15:00-17:00
4	Стол теннисі	Раисов С	Сәрсенбі Бейсенбі	13:30-15:00
5	Шахмат үйірмесі	Батырбеков Е.	Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі	15:00-16:30
6	Тренажер залы	Батырбеков Е	Дүйсенбі Сәрсенбі Жұма	15:00-17:00
7	Үйірмелер Би	Касымова Г.	Сәрсенбі Бейсенбі	13:30-15:00
8	Вокал	Исабекова А. Апукова Ж	Бейсенбі	14:30-15:30
9	Домбыра	Тумаева Н	Бейсенбі Жұма	13:30-15:00
10	Хор	Апукова Ж.	Дүйсенбі Сәрсенбі	15:00-17:00
11	Аспапта ойнау	Құлжабеков Е..	Сейсенбі	14:00-16:00
12	Шебер қолдар	Маули Г	Сәрсенбі, жұма	09:00-11:00 14:00-16:00
13	«Аманат»қолөнер үйірмесі	А.Хахан	Дүйсенбі, сейсенбі	09:00-11:00 14:00-16:00
14	Графикалық дизайн	Е.тазабеков, Қ.Құсайынов	Сейсенбі, Бейсенбі	15.00-16.30
15	Техник	Усенов Б	Сәрсенбі, жұма	14.30-15.30

16	Жас аниматор	Дауренбекова А	Дүйсенбі	15.00-17.00
17	Сиқырлы бояулар	Шәкір Б Оразыбеков Е	Дүйсенбі, бейсенбі	15.00-17.00
18	Мәнерлеп оқу	А.Нурбекова	Дүйсенбі, сәрсенбі	15.00-16.30
19	Абайтану	Қожабергенова Р	Сейсенбі, бейсенбі	14.30-15.30
20	Латын әліпбиі	Балғабекова Г	Дүйсенбі, бейсенбі	15.00-16.00
21	Полиглот	Абдрахимова Г	Бейсенбі, жұма	15.00-17.00
22	Риторика	Рахимбаева Д Аспетова Д	Сейсенбі, бейсенбі	15.00-17.00
23	«Жас сарбаз» клубы	Сайдахметов Е	Дүйсенбі, бейсенбі	15.00-16.30

◆◆◆ СТУДЕНТТЕР ҮШІН ◆◆◆

ЕҢ АЛДЫМЕН НЕНІ БІЛУ КЕРЕК? Колледж студенті атанған соң, сіздің студент екендігіңізді дәлелдейтін студент билетін тапсырыс етеді. Бұл құжатты ұқыпты ұстауыңыз қажет. Колледж ғимаратына кіру, кітапханада жұмыстану студенттік билет арқылы жүргізіледі. Егер, студенттік билетіңізді жоғалтып алсаңыз, оқу бөліміне барып, жаңа студенттік билет алуға өтініш жазуыңыз қажет.

Сабақтар оқу жылына арналған оқу үрдісі кестесі мен сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Колледждің ZHGTK.kz сайтындағы электрондық сабақ кестесі сілтемесімен өту арқылы танысуға болады.

Колледждегі сабақ ұзақтығы 90 минутты құрайды. Әр сабақтан соң 5-15 минут үзіліс беріледі.

Сабақ үстінде өзбетімен оқу кабинетінен шығуға, кіруге болмайды, шығу үшін пән оқытушысынан рұқсат сұрау қажет. Сыртқы киімді колледждің киім ілгішіне тапсыру керек. Сабақ үстінде ұялы байланыс құралдарын қолдануға болмайды.

ЕГЕР СІЗ САБАҚ ЖІБЕРСЕҢІЗ? Егер, сіз дәлелді себептерге байланысты сабақ жіберсеңіз, сол күні немесе келесі күні бөлім меңгерушілеріне, топ кураторына хабарлауыңыз қажет. Сабаққа келген бірінші күні сабақ жіберген себебіңізді растайтын құжатты, денсаулығыңызға байланысты сабақ жіберсеңіз емханадан берілген анықтаманы топ кураторына тапсырасыз.

ЕГЕР СІЗДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР МӘСЕЛЕ ТУЫНДАСА, СІЗ ХАБАРЛАСА АЛАСЫЗ: ТОП КУРАТОРЫНА → БӨЛІМ МЕҢГЕРУШІЛЕРІНЕ → ДИРЕКТОРДЫҢ ОҚУ ІСІ, ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНА → ПСИХОЛОГҚА -ДИРЕКТОРҒА

◆◆ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ ◆◆◆

Бұл Ережелер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің ішкі тәртіп ережелерін анықтайтын Жарғы негізінде жасалған. Сонымен қатар Ережелер студенттердің, Колледж әкімшілігінің негізгі міндеттері мен құқықтарын белгілейді және Колледж студенттерінің әрекеттерімен байланысты басқа да сұрақтарды реттейді.

Колледждің ішкі тәртіп Ережелерін онда оқитын студенттер орындауға міндетті.

Бұл Ереже колледж ғимараты мен аумағына студенттердің тәртібін белгілейді. Ереже 2015 жылғы 29 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңесте бекітілген.

Ереже мақсаты: Колледждің тұрақтанған жұмыс жағдайын, әр білім алушының оқуға, тұлғаның құқығы мен қадірін тәрбиелеуге, мәдени дамуға, қарым-қатынасының тәртібі мен машығының дамуына жағдай жасау.

Білім алушылардың ішкі тәртіп сақтау ережелері:

- 1.1. Ішкі тәртіп ережелерін сақтау, Колледж Жарғысында көзделген басқада тараптарды орындау;
- 1.2. Білім алушы сабақ басталмастан 15-20минут бұрын колледж бұйрығына сәйкес таза және ұқыпты колледж формасымен келіп, сабақ өтетін аудиторияда отыруға міндетті;
- 1.3. Колледжге және колледж территориясына суық қарулар, жарғыш немесе өртке қарсы,алкоголді сусындар, наркотиктер және улы дәрігер қолдануға қатаң тиым салынған заттар әкелуге тиым салынады. Есірткі қолдануға, алкогольді сусындар ішуге, темекі тартуға жол берілмейді;
- 1.4. Оқытушылардың келісімінсіз білім алушы сабақ уақытында колледжден кетуге рұқсат етілмейді.Білім алушы сабаққа келмеген жағдайда топ кураторына сырқаттануы туралы дәрігерден анықтама немесе сабақ жібергенінің себебі туралы ата-анасының қолхатын беруі тиіс. Сабақты себепсіз қалдыруға рұқсат етілмейді;
- 1.5. Білім алушы колледжден және колледжден тыс әдептілік, біліктілік қасиеттерін сақтауы тиіс;
- 1.6. Колледж мүліктеріне өз дәрежесіндей қарауға тиіс.Оны жөндеуге қолдан келерлік көмек беріледі.
- 1.7. Әр түрлі пирсинг,татуировка, ұялы телефон, қымбат әшекейлер тағуға рұқсат етілмейді;
- 1.8. Қарым-қатынастарын анықтау мақсатында білім алушылар бір-біріне күш көрсету немесе әлімжеттік жасауға тиым салынады;
- 1.9. Ұялы телефонды сабақ уақытында пайдалануға рұқсат етілмейді.
- 1.10. Білім алушыларға түнгі уақытта 21-00 кейін түнгі жүріс, ойын – сауық кешендеріне, мейрамханаларға баруға рұқсат етілмейді.
- 1.11. Кәмiлеттiк жасқа толмаған бiлiм алушыларға тұрмысқа шығуға рұқсат етілмейді

2. Сабақ уақытындағы тәртіп:

- 2.1. Сабақ ҚР Гимнімен басталады
- 2.2. Білім алушылар оқытушы аудиторияға кірген кезде құрмет көрсету;
- 2.3. Сабақ уақытында шулауға,өзін және қасындағы білім алушыларды бос сөздермен және басқа да сабаққа қатысты емес мәселелермен алаңдатуға тиым салынады;
- 2.4. Сабақтан себепсіз 36 сағат қалдырған білім алушы оқудан шығарылады.

Қорытынды:

- Осы Ереже колледж территориясында және колледжішілік іс-шараларда қатаң сақталады;

- Осы Ережелер мен колледж жарғысын бұзғаны үшін білім алушылар жауапкершілікке тартылады.

Ата-аналар міндеті:

- Колледжбен бірлесе қызмет ету;
- Білім алушылардың колледждегі сабаққа келуін қамтамасыз ету;
- Топ кураторларымен, колледж әкімшілігімен үздіксіз қарым-қатынаста болу;

2. Студенттердің негізгі құқықтары

Колледж студенті төмендегі құқықтарға ие:

- 2.1. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;
- 2.2. мемлекеттік тапсырыс (бюджет) бойынша және келісім шарт негізінде білім алуға;
- 2.3. шәкіртақы алу ережесіне сәйкес шәкіртақы алуға (мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын тұлғаларға арналған);
- 2.4. ғылым, техника және мәдениеттің қазіргі заманға сай даму деңгейіне сәйкес білім алуға;
- 2.5.өзінің жетістіктерін, еркін, ұжданын, өзінің еркін ойы мен сенімділігін құрметтеттіре білуге;
- 2.6. колледж қызметінің маңызды мәселелерін, студенттердің қоғамдық ұйымы мен қатар колледжді басқару органдары арқылы талқылап және шешуге қатысуға;
- 2.7. колледждегі кітапхана, ақпараттық қорларды, оқу, емдік және басқа да бөлімшелер қызметтерін тегін пайдалануға;
- 2.8. барлық мәдени жобалар түрлеріне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, мәжілістерге, байқауларға, фестивальдарға, өз жетістіктерін басылымдарға беруге, сондай-ақ колледждегі пәндік үйірмелерге қатысу мүмкіндігін алуға;
- 2.9. конференцияларға, Колледждің құрылымдық бөлімшелерімен ұйымдастырылатын барлық байқауларға, көркем өнерпаздар үйірмесіне, спорт секцияларының жұмысына, жарыстарға, денсаулық күніне арналған және басқа да іс шараларға қатысуға;
- 2.10. оқытылатын пәндер бойынша оқытушылардан кеңес алуға, оқытудың сапасы мен әдістері туралы ойын жеткізуге, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар білдіруге;
- 2.11. сабақ барысындағы ерекше жетістіктері үшін және Колледждегі оқу және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін моральды және материалдық жағынан мадақталуға;
- 2.12. жұмыс оқу жоспарында қарастырылған факультативты курстарды таңдауға;
- 2.13. Колледждегі студенттік өзін-өзі басқару комитетін сайлауға және сайлануға.

3. Студенттердің негізгі міндеттері

Колледж студенттері міндетті:

- 3.1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында бекітілген міндеттерді орындауға;

3.2. Колледж Жарғысын, студенттердің ішкі тәртіп Ережелерін, колледж студенттеріне арналған қағидаларды сақтауға, Педагогикалық кеңес шешімдерін орындауға, директордың бұйрықтары мен нұсқауларын орындауға, директордың оқу ісі мен оқу-әдістемелік жұмысы, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының нұсқауларын орындауға, Колледждің студенті деген атты мақтан тұтуға, студенттік жатақханада тұру ережелерін сақтауға;

3.3. Таңдаған мамандықтары бойынша жұмыс оқу жоспарында берілген пәндерден теориялық, практикалық білім алуға, тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген уақытта орындауға, емтихандар мен сынақтарды дәл оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларында көрсетілген уақытта (емтихандық сессия) тапсыруға;

3.4. Мәдени және кәсіби деңгейлерін көтеруге;

3.5. Колледж директоры бекіткен еңбекті сақтау, техникалық қауіпсіздікті, өндірістік тазалық пен еңбек гигиенасын бақылау, өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтауға байланысты ережелер мен нұсқауларды орындауға;

3.6. Апатты жағдайлар мен төтенше оқиғалар жөнінде әкімшіліктің арнайы бөлімшелеріне шұғыл хабар беру және оларды болдырмау үшін қажетті шаралар қабылдауға;

3.7. Өздерінің оқу құралдарына нұқсан келтірмеуге (компьютерлік техника құралдары), оқу орнында тазалық сақтауға, материалдық құндылықтар мен құжаттарды сақтаудың белгілі ережелерін орындауға;

3.8. Өзге де білім алушылар мен педагог қызметкерлердің ар намысы мен қадір қасиетін құрметтеуге, басқалардың көзқарастарын сыйлауға;

3.9. Оқу корпусы мен жатақханада өзін сыпайы ұстауға, өзге студенттердің міндеттерін орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге бармауға, жалпыға ортақ адамгершілік, этикалық талаптарға сай әрекет етуге, Колледждің іскерлік абыройына нұқсан келтірмеуге;

3.10. Тәртіпті болып, Колледждің ғимараты мен жатақханада тазалық сақтауға, қосалқы бөлмелерінде тазалық шараларын жүргізіп, сенбіліктерге қатысып тұруға;

3.11. Студенттер тәртіпті, ұқыпты болуы керек, өздерін Колледж қабырғасында, далада, қоғамдық орындарда қадір қасиетін жоғалтпайтындай етіп ұстауға;

3.12. Колледж оқу кабинеттерінде қатаң тиым салынады:

а) дауыс көтеріп сөйлеуге, шулау, балағат сөздерді қолдануға, сабақ кезінде дәлізде бос жүруге;

б) біреуді қорқытып-үркітуге, дөрекі сөйлесіп, ар-намысын аяққа таптауға, ұрлық жасауға, Колледждің және оның қабырғасында білім алушы немесе оқытушылардың жеке мүліктеріне қасақана зияндық тигізуге, бұзақылық жат әдет-қылыққа жол беруге (дөрекі қылық, айқайлау, түкіру);

в) оқу корпусы, жатақхана мен олардың төңірегіндегі жерлерде шылым шегуге;

г) спирттік ішімдіктерді қолдануға, токсикалық және есірткі заттарды қолдануға;

д) құмарлық ойындар ойнауға (мысалы карта ойнау немесе басқа да);

3.14. Студенттерге әкімшіліктің рұқсатынсыз түрлі құрал жабдықтарды және өзге де мүліктерді алып шығуға;

3.15. Студент академиялық адалдықты сақтап, төмендегідей әрекеттерге жол бермегені жөн:

а) академиялық жұмысты орындау кезінде, аралық және қорытынды аттестациялау барысында өзіне немесе басқа біреуге көмек көрсету мақсатымен ақпаратты заңсыз түрде алуға, көшіруге, алдын ала дайындаған қағаздарды қолдануға;

б) құжаттар мен мәліметтерді қолдан жасауға, жалған сөйлеу, көшіру, сақтаулы тұрған ақпаратты (сонымен қатар компьютердегі) өзгерту немесе басқа да заңсыз қолдану түрлеріне жол беруге.

г) 2009 жылдың 26 қазанындағы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің №3-02-4/2052 хатына сәйкес колледжде діни киіммен ерекшеленуге (сақал-мұрт өсіру, хиджап кию), діни рәсімдерді орындауға, діни әдебиеттерді таратуға тиым салынады.

4. Әкімшіліктің негізгі міндеттері

Колледж әкімшілігі білім беруге қажетті жағдайларды қамтамасыз ету үшін:

4.1. Ғылыми-педагогикалық, әкімшілік-шаруашылық, оқуға көмекші және өзге де құрамның қалыпты жағдайда жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады;

4.2. Білім беру процесінің денсаулыққа зиян келтірмейтін жағдайларын қамтамасыз етіп, қолданыстағы құралдардың дұрыс жұмыс жасауын бақылайды;

4.3. Колледждің қаржылық мүмкіндігіне қарай білім беру процесінің техникалық жақтан қамтамасыз етілуіне және оқуға қажетті құралдар мен дәрісханалардың арнайы қондырғылармен жасақталуын қамтамасыз етеді;

4.5. Өндірістік жарақаттанудың алдын алу шараларын қабылдайды, студенттердің техникалық қауіпсіздік, өндірістік тазалық пен еңбек гигиенасының ережелері мен өртке қарсы қауіпсіздік ережелерінің барлығын біліп, олардың орындауын жіті қадағалап отырады;

4.7. Оқу бөлмелерін ұстауға қажетті жылыту жүйелерінің, жарық, желдеткіш, түрлі қондырғылардың дұрыс жұмыс істеп тұруына мүмкіндік жасайды, студенттердің сырт киімдерінің сақталуын бақылайды;

4.8. Студенттерге шәкіртақының уақтылы берілуін қамтамасыз етеді;

4.9 Білім беру мекемесін құрал-жабдықтармен, мүліктер мен жиһаздармен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқу және жатақхана ғимараттарында қажетті тәртіптің сақталуын, ғимаратты, ондағы мүліктердің күзет аумағында болын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде білім ордасының директоры жауапты қызметкерлерге ғимараттар мен ондағы мүліктердің өртке қарсы қауіпсіздік және санитарлық жағдаларының сақталуын жүктеп, бұйрық шығарады;

5. Жастар ісі жөніндегі комитет

5.1. Өзін – өзі басқару Кеңесі жұмысына ҚР заңнамасы, қолдағы Ережелер және өзге де құқықтық нормативтік актілер жетекшілік етеді.

5.2. Кеңес өкілдері Колледж студенттерінің өкілеттік органының құрамына кіре алады.

5.3. Өзін – өзі басқару Кеңесі студенттердің жалпы жиналысында сайланған тұлғалар мен топтардың басшыларынан, белсенді студенттерден тұрады.

5.4. Өзін – өзі басқару Кеңесі:

- топ басшыларының қызметін реттейді;
- студенттерді Колледжге қажетті қоғамдық пайдалы жұмыстарды (дәрісханаларды жинауға) және төңіректегі аулаларды жинауға жұмылдырады.

- Колледж әкімшілігіне материалдық құндылықтардың сақталуына бақылау орнатуға, оқу ғимараты ішіндегі тәртіптің сақталуын қадағалауға көмектеседі;
- студенттердің мүдделерін қорғайды;
- мәдени іс-шаралардың өткізілуін ұйымдастырады.

6. Оқу тәртібі, оқу уақыты және оны пайдалану

6.1. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады, 2 семестрден тұрады және берілген білім беруші-кәсіби бағдарлама бойынша оқу жоспарына сәйкес аяқталады.

6.2. Колледждегі оқу процесі оқу жоспарына және сабақ кестесіне сәйкес аптасына алты күн бойы жүзеге асырылады. Демалыс немесе мейрам күндеріндегі оқу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кей жағдайларда ғана болады.

6.3. Сабақ кестесін директордың оқу ісі жөніндегі және оқу меңгерушісі жасақтап, колледж директоры бекітеді. Мектептегі педагогикалық практика түрлерінің кестесін директордың оқу – өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары құрып, колледж директоры бекітеді.

6.4. Барлық оқу және оларға қатысты орындарға сабақ басталғаннан кейін қалыпты оқу сабақтарын жүргізу үшін тыныштық пен тәртіп қамтамасыздандырылу керек.

6.5. Сабақ басталғаннан кейін аудиториялардан студенттердің шығып, кірулері рұқсат етілмейді..

6.6. Әрбір топта студенттердің үлгерімін есепке алу журналы орнатылған формада жасалады, күн сайын сабақ басталғаннан кейін топ басшысы бөлім меңгерушілеріне сабақта жоқ студенттер туралы, себебін анықтаған ақпараттарын жазбаша тапсырады.

6.7. Себепті жағдайлармен сабаққа келмеген жағдайда студент келесі күні топ басшысын, топ кураторын және бөлім меңгерушісін хабардар ету керек және сабаққа келген күні ақтаушы сипаттағы мәліметтер бар орнатылған үлгідегі құжатты және қатыспаған себебі туралы мәліметтерді ұсынады (анықтама, хаттар, телеграммалар және т.б.)

7. Оқудағы жетістіктері үшін мадақтау

7.1. Оқудағы және Колледждің қоғамдық, мәдени және ғылыми өміріне белсене қатысқаны үшін студенттерге төмендегі моральды және материалды мадақтау формалары қарастырылады:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) Колледждің құрмет грамотасымен марапаттау;
- 3) басқа да мадақтау шаралары;
- 4) Халықаралық, республикалық деңгейдегі байқаулардың жеңімпаздары сессиядан босатылады.

Мадақтау Колледж директорының бұйрығымен жарияланады, барлық ұжымдарға мәліметтенеді және студенттің жеке ісінде сақталады.

8. Оқу тәртібін бұзғаны үшін қойылатын жауапкершілік

8.1. Оқу жоспарын орындамағаны, Колледж Жарғысында, ішкі тәртіп Ережелерінде, жатақханада тұру Ережелерінде, студенттің ар-ұждан Кодексінде көрсетілген міндеттерді орындамағаны үшін студенттерді жауапкершілікке тарту, тіпті Колледжден шығаруға дейінгі қатаң шаралар және келесідей шаралар қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) қатаң сөгіс;
- 3) колледж бен жатақханадан шығарылу.

8.2. студенттерге төмендегі жағдайлар кезінде тәртіптік шаралар қолданылады:

а) осы ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілген міндеттерді бір рет немесе жүйелі орындамаған кезде;

б) оқу орнына зиян келтіргені үшін;

в)) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген басқа да жағдайларда.

8.3. Тәртіп шараларын қолдану Колледж директорының бұйрығымен ресмилендіріледі.

8.4. Тәртіптік жаза, сонымен қатар оқудан шығарылуы, Колледж студентінен жазбаша түрінде түсініктеме алған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. Білім алушының жазбаша түрде түсініктеме бермегені оған тәртіптік жаза шараларының қолданылуына кедергі етпейді. Әрбір тәртіпсіздікке тек бір ғана тәртіптік жаза шарасы қолданылады. Әрбір тәртіптік жаза шарасы жөніндегі мәлімдеме білім алушының жеке ісіне енгізіледі.

8.6. Студенттерді ауырған жағдайда (құжатпен расталған кезде) академиялық демалыс кезінде оқудан шығару мүмкін емес;

8.7. Колледж оқушыларын олардың құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасаған кездерінде оқудан шығару, ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес, Колледж Жарғысымен анықталады, жағдайларда оқудан шығарылады:

- өз еркімен, соның ішінде ауруы бойынша және басқа оқу орнына ауыстырылған кезде;

- үлгермеушілігі үшін сессия кезінде үш немесе одан да көп қанағаттанарлықсыз бағалар алған кезде, белгіленген уақыт ішінде академиялық қарызын өтемесе;

- оқуы толық қарыздарды өтеу негізінде болған жағдайда, келісім шарт шарттарын бұзған жағдайда;

- егер студент сабақтарға ағымдағы оқу жылы немесе оқу жылының семестрінде бір күнтізбелік ай бойы мен қатыспаса да Колледжден шығарылуы мүмкін. Бұл ретте студент немесе оның заңды өкілдеріне жазбаша түрде білім алушының сабаққа қатыспау және оқу жоспарын орындамау себептеріне түсініктеме беру керектігі жөнінде жазбаша ескерту жіберу қажет.

*Ереже педагогикалық Кеңестің отырысында талқыланып, бекітілді.
Хаттама №1, қыркүйек 2018 жыл.*

